

Ауыл шаруашылық өндірісін міндетті сақтандыру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 10 желтоқсан N 1513 Қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен (P050124)

"Сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 23 тамыздағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Шаруашылық жүргізу құқығымен "Қазагрополис" Республикалық мемлекеттік ауыл шаруашылық сақтандыру кәсіпорны құрылсын.

Егінді, көпжылдық екепелерді, ауыл шаруашылығы малдарын, қозғалатын және қозғалмайтын мүлікті, ауыл шаруашылығы өндірісінің өнімдері мен тауарларын қолайсыз табиғи-климат жағдайларынан, індеттерден және басқа да табиғи апаттардан міндетті сақтандыруды қамтамасыз ету аталған кәсіпорын қызметінің негізгі мақсаты болып саналсын.<*>

ЕСКЕРТУ. 1-тармақтың 2-абзацы жаңа редакцияда - ҚРҰ-нің 1997.04.02. N 460 қаулысымен .

2. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі бір апта мерзімде "Қазагрополис" Республикалық мемлекеттік ауыл шаруашылық сақтандыру кәсіпорнының құрылтай құжаттарын белгіленген тәртіппен әзірлеп, бекітетін болсын.

3. Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау жөніндегі мемлекеттік қоры "Қазагрополис" Республикалық мемлекеттік ауыл шаруашылық сақтандыру кәсіпорнының жарғылық қоры үшін 100 млн. теңге мөлшерінде қаржы бөлсін.

4. Жұмыстарды ұйымдастыру және үйлестіру мақсатында қосымшаға сәйкес ауыл шаруашылық өндірісін міндетті сақтандыру жөніндегі Ведомствоаралық кеңестің құрамы жасалып, бекітілсін.

Ведомствоаралық кеңес бір ай мерзімде ауыл шаруашылық өндірісіне міндетті сақтандыру жүргізуді ұйымдастыру тәртібі мен жағдайлары туралы Ережені әзірлеп, оны Қазақстан Республикасы Үкіметінің бекітуіне енгізісін.

5. Ауыл шаруашылық өндірісін міндетті сақтандыру "Қазагрополис" Республикалық мемлекеттік ауыл шаруашылық сақтандыру кәсіпорнымен қатар аталған сақтандыру түрін жүзеге асыруға лицензиясы бар басқа да сақтандыру ұйымдарында жүзеге асырылады.<*>

*ЕСКЕРТУ. 5-тармақтан сөздер алынып тасталды - ҚРҰ-нің
1997.04.02. N 460 қаулысымен .*

6. Ауыл шаруашылық өндірісіне міндетті сақтандыру жүргізу жөніндегі операцияны жүргізуші сақтандыру ұйымдары сақтандырудың аталған түрі бойынша сақтандыру төлемдерінің кем дегенде 85 процентін осы мақсаттарға бағыттай отырып сақтандыру резервтерін құрсын.

7. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сақтандыруды қадағалау жөніндегі комитеті ауыл шаруашылық өндірісінің халықаралық қайта сақтандыру нарығындағы қаупін қайтадан сақтандыру мүмкіндігін зерттесін.

8. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі "Қазагрополис" Республикалық мемлекеттік ауыл шаруашылық сақтандыру кәсіпорны тіркелгеннен кейін республикалық мемлекеттік кәсіпорындар тізбесіне толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Үкіметіне ұсыныс енгізсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 10 желтоқсандағы
N 1513 қаулысына

қосымша

**Ауыл шаруашылығы өндірісін міндетті сақтандыру
жөніндегі Ведомствоаралық кеңестің**

ҚҰРАМЫ

- А.Ф.Романов - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы
министрінің бірінші орынбасары, Кеңес
төрағасы
Кеңес мүшелері:
К.К. Дамитов - Қазақстан Республикасы Ұлттық банкі
төрағасының орынбасары (келісім
бойынша)
Б.Б.Жәрменов - Қазақстан Республикасы Экономика
министрінің орынбасары
Б.И.Менжулин - Қазақстан Республикасы Қаржы
министрінің орынбасары
Х.К.Мәдиев - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік
сақтандыруды қадағалау жөніндегі
комитеті төрағасының орынбасары

